

«Латын графикасына негізделген қазақ әліпби жобаларына тілтанымдық талдау» атты ғылыми-әдістемелік семинарының шешімі

Елімізде латын графикасына көшу - ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды оқиға болып табылады. Сондықтан осындай мемлекеттік маңызы бар іске үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн. Сол жауапты іске белсене кіріскен қазақ тілі мен әдебиетінің профессор оқытушы мамандары 15 қыркүйек күні отырысын өткізді. Семинар отырысын жүргізген ф.ғ.к., доцент А.Ә.Әлімхан латын графикасының қажеттілігін, болашақ үшін маңызын түсіндіріп, семинар отырысының мақсатымен таныстырды. Семинар барысында ф.ғ.д. А.Картаева, ф.ғ.к., доцент Б.Бияров, ф.ғ.к., доцент А.Айтмұқашова, филология магистрі Ж.Қайырбаева латын графикасына негізделген қазақ әліпби жобаларына тілтанымдық талдау жасап, өз ойларын ортаға салды.

Семинар отырысының соңынан ғалымдар мынадай шешімге келді:

- Латын графикасының болашақ үшін маңызын, рухани қажеттілігін халыққа, көпшілік ортаға насихаттау түсу;
- Студенттерді қазақ жазуының тарихымен таныстыру;
- латын әліпбиіне көшуді көпшілікке насихаттап, алдын-ала психологиялық даярлау жұмыстарын жүргізу;
- әліпбидің ұсынылып отырған нұсқаларын таңдап, талқылап, халыққа түсінікті оңтайлы қарапайым әліпбиін таңдауды қолдау;
- әліпби бекітілген соң, мектеп мұғалімдері мен мемлекеттік қызметшілерді, барлық сала кадрларын оқыту, іс жүргізуді үйрететін қысқа мерзімді курстар (онлайн семинарлар, вебинарлар) ұйымдастыру).
- латын графикасына көшу мәселесіне арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу;
- қазақ жазуының жаңа әліпбиі негізінде географиялық атаулар мен кісі аттарын таңбалаудың ғылыми принциптерін айқындау;
- латын әліпбиіне негізделген іс қағаздарының анықтамалығын ұйымдастыру (соның ішінде электронды) т.б.